

2012 жылы халықтың нысаналы топтарын белгілеу туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 1600 қаулысы. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 4 қаңтарда № 9-2-201 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Келесі санаттағылар 2012 жылы халықтың нысаналы топтары деп белгіленсін:

- 1) та бы сы аз адамдар ;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар ;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар ;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата - ана л а р ;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар а з а м а т т а р ;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) ;
- 7) мүгедектер ;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар ;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан б о с а т ы л ғ а н адамдар ;
- 10) оралмандар ;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер ;
- 12) жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар ;
- 13) ұзақ уақыт жұмыспен қамтылмағандар (он екі айдан астам) ;
- 14) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар ;
- 15) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген елу жастан асқан тұлғалар ;
- 16) техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі білімінің түлектері ;

17) егер оларға лайықты жұмыс болмаған жағдайда жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар;

18) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2012.04.16 № 494 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің орынбасары А.А. Ишмұхамбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласының әкімі

Б. Ғаязов